

Құрметті әріптестер!

Мемлекетіміздің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын **Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.**

Бұл бағыттарды Сыртқы істер министрлігі іске асырады.

Сыртқы істер министрінің баяндамасында Қазақстанның сыртқы саясаты басымдықтарына және министрлік алдында тұрған нақты міндеттерге толық талдау жасалды.

Жалпы, тәуелсіздігіміздің жиырма жылында **сыртқы саясат саласында ауқымды жұмыстар атқарылғанын** атап өту керек. Қазақстан беймәлім одақтық республикадан әлемдік қоғамдастықтың беделді әрі ықпалы бар мүшесіне айналып, халықаралық күн тәртібін қалыптастыруға белсенді араласуда.

Еліміздің өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ядролық қаруды таратпауға, қазіргі заманғы жаһандық проблемаларды шешуге қосқан үлесін бүкіл әлем қоғамдастығы мойындап отыр.

Республикамыздың көп жақты ынтымақтастықты дамыту, сенім мен тағаттылық деңгейін арттыру, теңгерімді экономикалық даму ісіндегі халықаралық бастамалары әлемнің басқа елдері тарапынан кеңінен қолдау тапты.

Ядролық қарудан бас тарту және ядролық державалар тарапынан қауіпсіздік кепілдіктерін алу, әлемнің жетекші елдерімен стратегиялық ынтымақтастық деңгейіне шығу, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету, Астанадағы саммит, әлемдік және дәстүрлі діндер съездері, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті институционалдау сияқты барлық жетістіктеріміз бүгінгі таңдағы Қазақстанның сыртқы саясатының жарқын символдары болып табылады.

Бұл жетістіктерге **Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың** ерен еңбегі арқасында қол жеткізгеніміз баршаға аян. Елбасымыз осы жылдар ішінде тәуелсіз мемлекетімізді әлем жұртшылығының мойындауын қамтамасыз етуде қыруар жұмыс жасады.

Осыдан екі күн бұрын Сыртқы істер министрлігінде өткен **кеңейтілген алқа отырысында** Мемлекет басшысы сыртқы саясат саласындағы бірқатар жаңа міндеттерді айқындап берді.

Бүгінгі жиынға қатысып отырған барлық әріптестерімнің пікірі дәл осындай екеніне сене отырып, Мемлекет басшысы айқындап берген және Сыртқы істер министрі өз баяндамасында айтып өткен **сыртқы саясат басымдықтарын толық қолдайтынымызды** атап өткім келеді. Ел Президенті сыртқы саясат саласында қойған міндеттерді іске асыруда дипломаттарымызға депутаттық корпус тарапынан **қолдау көрсетілетін** болады.

Мәжіліс депутаттары еліміздің басқа да елдермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығының құқықтық базасын құруға белсене қатысуда. Бесінші шақырылымның бірінші сессиясының жұмысы басталғалы бері Парламент Мәжілісі Қазақстан мен әріптес елдер арасындағы бірқатар келісімдерді қарап, мақұлдады және Сенатқа жіберді. Олардың кейбіреулеріне Мемлекет басшысы қол қойды.

Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті алдағы уақытта да ратификациялауға келіп түсетін барлық келісімдермен жұмысты жедел түрде жүргізіп, оларды Мәжілістің жалпы отырысының қарауына шығаратын болады деп ойлаймын.

Құрметті әріптестер,

Бүгін үкімет сағаты шеңберінде **Парламент Мәжілісінің депутаттары мен Сыртқы істер министрлігі арасындағы өзара іс-қимылға** қатысты бірқатар мәселені көтергім келеді.

Біріншіден, Қазақстан дамуы үшін қолайлы сыртқы саясат жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі міндетті іс жүзінде іске асыра отырып, Сыртқы істер министрлігінің **осы жұмысқа барлық мүдделі қазақстандық құрылымдарды қатыстырып отыруы,** оның ішінде парламентаралық ынтымақтастықты кеңінен пайдалануы **жөн болады.** Бұл жөнінде өз баяндамасында Ержан Хозеұлы айтып өтті.

Бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзінде парламенттер рөлі артып, олар мемлекет ішінде және халықаралық тұрғыдан маңызды институттарға айналып отыр. Парламенттер саяси күн тәртібін айқындауда орасан зор рөлге ие болуда. Сондықтан парламентаралық ынтымақтастық сыртқы саясаттың маңызды инструменттерінің біріне айналып келеді. Әсіресе бұл еуропалық бағытта өзекті болып отыр.

Бесінші шақырылған Парламент Мәжілісінің басшылығы мен депутаттары бүгінгі таңда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Парламентаралық Ассамблеясы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының Парламентаралық Ассамблеясы, Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы сияқты парламентаралық ұйымдардағы жұмысқа белсене кірісті.

Бірқатар елдердің парламенттерімен екі жақты ынтымақтастық белсенді дамуда.

Сонымен қатар, біздің депутаттық корпусымыздың әлеуеті зор деп есептейміз.

Мемлекет басшысы сыртқы саясат саласында алдағы кезеңге маңызды міндеттер қойды. Атап айтқанда, елімізді одан әрі жаңғырту, бірқатар халықаралық ұйымдарда Қазақстанның рөлін нығайту, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процестеріне қатысу үшін жағдай жасау бағыты бойынша.

Сыртқы істер министрлігі мен депутаттық корпус арасындағы барынша тығыз жұмыс негізінен

парламентаралық байланыстар ресурсын іске қосуға, парламентарийлерді **жариялы кеңістікте де, сыртқы саясаттың басым бағыттары бойынша бейресми келіссөздер шеңберінде де қазақстандық мүдделерді ілгерілету** үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, бұл жүйелі жұмыс және біз алдағы уақытта Сыртқы істер министрлігімен өзара іс-қимыл жасасудың осы деңгейіне шықпақ ойымыз бар.

Екіншіден, халықаралық келісімдерді ратификациялау процесін жоспарлауды жаңа деңгейге көтеру жөн болады деп есептейміз.

Осы тұста да шешімін таппаған мәселелер бар.

Егер заң жобалау жұмысы бойынша Үкімет жыл сайынғы және перспективалық жоспарлар қалыптастырып, ведомствоаралық сараптама комиссиялары жұмыс істесе, **халықаралық шарттарға қатысты мұндай тәсіл әлі болған емес.**

Осының нәтижесінде халықаралық шарттарды жасасу мерзімдері мен оларды ратификациялау мерзімдері арасында ұзаққа созылатын **уақыт үзілістері** жиі туындап отырады.

Мысалы, Дүниежүзілік почта одағының Жарғысына жетінші қосымша хаттама 2004 жылғы 5 қазанда жасалып, 2011 жылғы 18 қаңтарда ратификацияланған. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер

Кабинетінің арасындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге 1999 жылғы 17 қыркүйекте қол қойылып, 2009 жылғы 10 ақпанда ратификацияланған. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Сыртқы істер министрлігі көп жағдайда қол қоятын тарап болып табылмайтынын түсінеміз. Шарттарды әртүрлі салалық министрліктер мен ведомстволар жасасып, олар кейіннен заң жобаларын келісу және Парламентке енгізу рәсімдері үшін жауапты болады. Осыған байланысты халықаралық келісімдерге қол қоятын мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру керек.

Бұл мәселе Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің отырыстарында бірнеше рет көтерілді.

Сыртқы істер министрлігінің басшылығы осы жағдайды өзгерту үшін белсенді шаралар қабылдап жатқанын депутаттар назарына жеткізгім келеді. Біздің Комитетпен бірлесіп, қол қойылған құжаттарды ратификациялау процесін жоспарлаудың тетігі қарастырылуда. **Бірлесе отырып, жуыр арада бұл процесті ретке келтіреміз және оны жоспарлы негізде жүргізетін боламыз деген сенімдеміз.**

Үшіншіден, біз бүгінгі таңда ратификациялауға енгізілетін халықаралық шарттар бойынша ғылыми сараптама жүргізу тәртібін бұзу проблемасына тап болып отырмыз. **Ғылыми сараптама көбіне халықаралық шартқа қол**

қойылатын күні немесе оған қол қойылғаннан кейін жүргізіледі. Сондықтан мұндай сараптама формальді сипатқа ие болады, өйткені оның қорытындысы үшін жауапты орталық мемлекеттік орган сараптамада көрсеткен ұсыныстар мен ескертулер енді ескеріле алмайды. Яғни, сараптама іс жүзінде қолданыстағы заңнама бұзыла отырып жүргізілуде және қол қойылған халықаралық шарт мәтінінің сапасына ешбір әсер ете алмайды. Мұны болдырмау үшін мемлекеттік органдар халықаралық шарттар бойынша ғылыми сараптаманың уақтылы әрі сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс.

Төртіншіден, шарттардың қазақ тіліндегі мәтіндерінің өзге тілдердегі мәтіндеріне сәйкес келмеуі өзекті проблема болып отыр. Яғни, **бірнеше тілде қол қойылған мәтіндердің теңтүпнұсқалы болуына** қатысты проблемалар жиі туындайды.

Жалпы алғанда, халықаралық шарттарды қазақ тілінде дайындау сапасы шешімін таппаған мәселе болып қалуда.

Шарттардың қазақша мәтініне қатысты проблемалар келісудің барлық сатыларында Үкіметте де, Мәжіліс пен Сенатта да туындап жатады.

Осы проблемаға байланысты күшіне енбеген халықаралық шарттар саны артып отыр, өйткені оларды ратификациялағанға дейін уағдаласушы тараппен ноталар алмасу арқылы халықаралық шарттардың мәтіндеріне

өзгерістер енгізу қажет. Мысалы, Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартқа және Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартқа 2003 жылғы 13 қарашада қол қойылған. Қазақ тіліндегі мәтінде қателер анықталып, осы мәселе бойынша бірнеше рет (6 рет) ноталар алмасуға байланысты, оларды ратификациялау туралы заңдар тиісінше 2011 жылы және 2012 жылы ғана қабылданды.

Бірнеше рет ноталар алмасу Қазақстанның саяси имиджіне едәуір нұқсан келтіреді. Біз мұны естен шығармағанымыз абзал. Сондықтан барлық мемлекеттік органдардың, министрліктер мен ведомстволардың жауапкершілігін арттыру керек.

Мәжіліс депутаттары осы проблеманы бірнеше рет көтерген болатын.

Парламент Мәжілісі Төрағасының бастамасы және тапсырмасы бойынша осы мәселе өз шешімін табуда. Осы саладағы жұмысты жақсарту жөніндегі бірқатар ұсыныстар әзірленді. Мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен бірнеше кеңестер өткізілді. Мәжіліс, Сенат аппараттарының, Премьер-министр кеңсесінің өкілдерінен құрылған арнайы жұмыс тобы құрылды. Бұл топ барлық халықаралық келісімдердің мәтіндерін олардың теңтүпнұсқалы болуы тұрғысынан тексеріп отыратын болады.

Премьер-министр кеңсесі мемлекеттік органдардың қазақ тіліндегі халықаралық шарттардың жобаларын дайындауы деңгейін арттыру жөніндегі жүйелі жұмысты бастады.

Сондықтан, **осы салада қордаланған мәселелер біртіндеп, жүйелі түрде шешілетін болады** деген сенімдеміз.

Бұл проблема біздің Комитет депутаттарының назарында болады.

Құрметті әріптестер,

Сөз соңында **Ержан Хозеұлына** мазмұнды әрі толық баяндама жасағаны үшін алғысымды білдіргім келеді. Мемлекет басшысы сыртқы саясат саласында қойған жауапты міндеттерді шешу ісінде барлық қазақстандық дипломаттарға толағай табыс тілеймін.

Зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет.